

«Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»

2023 жылдың сәуір айының 17-і

«2022-2023 оқу жылының аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы»

“Білім туралы” Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Алматы облысы білім басқармасының 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88-н санды бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау және мектепте оқушыларды сыныптан сыныпқа көшіру және мектеп бітіру қорытынды аттестаттау өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Оқу жылын аяқтау және білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу төмендегі тәртіпте белгіленсін:

- 1) Мектепте мектепалды даярлық, 1-11 сыныптарда оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.
- 2) 9-сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары -2023 жылғы 2-13 маусым аралығында.
- 3) 11-сынып білім алушыларының мемлекеттік қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.
- 4) 9-сынып білім алушылары негізгі орта білім курсы бойынша санитарлық талаптарды сақтай отырып қорытынды аттестаттауда 4 міндетті емтихан тапсырады:

1. Қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан- 2023 жылы 2 маусым ;
2. Алгебрадан жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)- 2023 жылғы 6 маусым;
3. Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 9 маусым;
4. Таңдау пәндері бойынша жазбаша емтихан- 2023 жылғы 13 маусым;

11-сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1. Қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан -2023 жылы 5 маусым;

2. Алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)- 2023 жылы 8-маусым;
3. Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2023 жылы 12 маусым;
4. Орыс тілі және әдебиеті пәнінен жазбаша емтихан (тестілеу)-2023 жылы 15 маусым;
5. Таңдау пәндері бойынша жазбаша емтихан- 2023 жылғы 19 маусымда өтілсін.

3.Білім алушыларды қайта қортынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып,орта білім беру ұйымдары айқындаған мерзімде өткізілсін.

4.Мектепте орта білім беру ұйымдары осы бұйрықтың, « Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2022-2023 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпшен орта білім беру ұйымдарына 9,11 сыныптардың білім алушылары үшін емтихан тапсырмаларын 2023 жылғы 30 мамырға дейін жеткізуді қамтамасыз ету мектеп информатигі Г.Серікке және мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Х.Н.Абдрахмановаға міндеттелсін.

6.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау,ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Х. Абдрахмановаға жүктелсін.

Мектеп директоры



Н.А.Бирликбаева